

Атырау мен Маңғыстау облыстарының Каспий теңізі жағалауындағы елді мекендері мен шаруашылық объектілерін су басудан және су алудан қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 ақпан N 255

Каспий теңізінің жағалауындағы елді мекендер мен шаруашылық объектілерін су басудан және су алудан қорғауға байланысты проблемаларды шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, басқа мүдделі министрліктер мен өзге орталық атқарушы органдар екі ай мерзім ішінде Каспий теңізінің суы басатын және суы алатын аймақтағы темір жол мен автомобиль жолдарын, әуежайларды, байланыс желілерін, мұнай өндіру учаскелерін, өнім тасымалдайтын құбыр магистралын, электр желілерін қорғау және көшіру жөніндегі қажетті жұмыс көлемін анықтасын, бұл жұмыстарды шаруашылық жүргізуші субъектілердің өз қаражаты есебінен дер кезінде және сапалы орындауы жөнінде шаралар қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылы төтенше оқиғаларды қаржыландыруға арналған резерв қорынан елді мекендерді қорғауға және Каспий теңізінің суы басатын аймақтан тыс жерлерде жаңа тұрғын үйлер салуға 380,0 /үш жүз сексен/ млн. теңге, оның ішінде Атырау облысының әкіміне - 290,0 /екі жүз тоқсан/ млн. теңге, Маңғыстау облысының әкіміне - 90,0 /тоқсан/ млн. теңге бөлінсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаржының мақсатқа сай жұмсалуына қатаң бақылау жасасын.

Атырау мен Маңғыстау облыстарының әкімдері Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне бөлінген қаражаттың жұмсалуды мен атқарылған жұмыстың көлемі туралы 1996 жыл бойы, тоқсан сайын ақпарат беріп отырсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативті жоспарының жобасын жасау мен республикалық бюджетті қалыптастыру барысында 1997 жылдан бастап республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын тұрғын үй объектілері мен әлеуметтік, мәдени-тұрмыс объектілерін қорғауға және көшіруге қажетті қаражатты бөлек қарастыратын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен, Көлік және

коммуникациялар министрлігімен, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен, Су ресурстары жөніндегі комитетімен, мүдделі министрліктермен және өзге де орталық атқарушы органдармен бірлесе отырып, Каспий теңізі деңгейінің көтерілуіне байланысты қорғаныс шараларын қаржыландыру үшін шетел капиталын тарту мүмкіндігін қарастыратын болсын.

5. Атырау мен Маңғыстау облыстарының әкімдері мүдделі министрліктермен және өзге де орталық атқарушы органдармен бірлесіп, екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісе отырып, қорғаныс құрылыстарын салудың кезектілігін айқындайтын болсын, оларды салу барысында, теңіз әсері жағдайында пайдалану кезінде жоғары гидротехникалық талаптарға жауап беретіндей техникалық шешім қамтамасыз етілсін, салынатын объектілердің сапасына қатаң бақылау орнатсын.

6. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі 1996 жылдың ішінде су басатын аймақтарда скважиналардың сағасына саркофагтар сала отырып, консервациялауды және қажет болған жағдайда мұнай скважиналарын жоюды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы Атырау мен Маңғыстау облыстарындағы, республиканың мұнай, газ өндіретін басқа да аймақтарында пайдаланылатын мұнай кәсіпшіліктерінің аумақтарын, олардың сейсмикалық есептік көрсеткішін анықтау тұрғысынан зерттеп, 1996-1997 жылдардың ішінде сейсмикалық аудандарға бөлу картасын жасасын.

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі 1996-1997 жылдарда сейсмикалық аудандарға бөлу жөніндегі жаңа мәліметтерді ескере отырып, мұнай, газ өндіретін аудандарда, сондай-ақ Каспий теңізінің суы басатын, суы алатын аймақтарда үй-жайлар мен ғимараттарды жобалау мен салу үшін нормативтік база әзірлеуді қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі, Экономика және биоресурстар министрлігі Каспий теңізінің проблемалары жөніндегі, оның ішінде су басу мен су алудың жағалау өңіріндегі табиғи ортаға әсері, су алған аймақтарды экожүйелердің құлдырау дәрежесі бойынша жіктеу, су басқан аймақта топырақ мен су көздерін мұнай өнімдерінен тазарту жөніндегі шараларды әзірлеу мен жүргізу жөніндегі ғылыми-зерттеу және іздестіру жұмыстарын жыл сайын қаржыландыруды көздейтін болсын.

9. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті:

екі ай мерзім ішінде Ақтөбе облысының аумағындағы ауданы 56,6 мың гектар және Батыс Қазақстан облысының 624,9 мың гектар жер учаскелерін Атырау облысына уақытша пайдалануға беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметіне белгіленген

тәртіппен ұсыныс енгізетін болсын;

1996 жылдан бастап теңіз жағалауы аймағындағы жердің, топырақ және өсімдік қабатының мониторингін тұрақты түрде жүргізуді ұйымдастырсын;

1996 жылдың ішінде Атырау мен Маңғыстау облыстарының жер-шаруашылық құрылымының схемаларын жасайтын болсын.

10. Қазақстан Республикасының Геодезия және картография бас басқармасы Атырау мен Маңғыстау облыстарының әкімдерімен, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетімен, басқа мүдделі министрліктермен және өзге де орталық атқарушы органдармен келісе отырып, аталған облыстардың Каспий теңізі жағалауындағы жерлерін 1996 жылы картаға түсіруді қамтамасыз етсін.

11. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі, Ұлттық ғылым академиясы, су ресурстары жөніндегі комитеті, Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы:

жаңадан құрылатын елді мекендерді сумен жабдықтау үшін жерасты су көздерін іздестіру жөнінде үш ай мерзім ішінде ұсыныс енгізісін;

1996 жылы Каспий теңізінің жағалауындағы аймақта тұрақты режимдік байқаудың қосымша пункттерін және жерасты және жер бетіндегі суларының мониторингін жүргізуді ұйымдастырсын;

1996 жылы Атырау мен Маңғыстау облыстарының пайдаланымдағы жерасты су көздерін су басу мен су алудан қорғау жөніндегі инженерлік шараларды әзірлесін.

12. 7, 9, 10, 11-тармақтарда көрсетілген жұмыстар 1996 жылы Атырау мен Маңғыстау облыстарының әкімдерімен келісе отырып, қорғаныс шараларына бөлінген қаражат есебінен, ал кейінгі жылдарда мүдделі министрліктер мен ведомстволардың тиісті шығыс баптары бойынша, осы мақсат үшін бюджетте көзделген қаражат есебінен қаржыландырылсын.

13. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі,

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының су ресурстары жөніндегі комитеті, басқа министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдар Каспий өңіріндегі және басқа да мүдделі мемлекеттермен Каспий теңізі деңгейінің көтерілуіне байланысты проблемаларды шешудегі ынтымақтастық жөніндегі жұмыстарды жалғастырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК